

Аудандық мәслихаттың 2010 жылғы 26 ақпандағы кезектен тыс XXIV сессиясының "Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін бекіту туралы" N 194 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Қазалы ауданы мәслихатының 2010 жылғы 07 шілдедегі N 214 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаменті Қазалы ауданының Әділет басқармасында 2010 жылы 13 тамызда N 10-4-124 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2012 жылғы 11 желтоқсандағы N 356 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2012.12.11 N 356 хатымен).

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабының 1 тармағының 15 тармақшасына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 97 бабының 2 тармағына және Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 28 бабының 3 тармағына сәйкес аудандық Мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Аудандық Мәслихаттың 2010 жылғы 26 ақпандағы кезектен тыс XXIV сессиясының "Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін бекіту туралы" N 194 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2010 жылғы 8 сәуірде N 10-4-117 нөмірімен тіркелген, аймақтық "Тұран Қазалы" газетінің 2010 жылғы 17 сәуірдегі N 29 санында жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

аталған шешіммен бекітілген тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібінің 16 тармағының 1 тармақшасындағы "электр қуаты 1 айға 1 адамға 45 квт/сағ, 2 адамға 90 квт/сағ, 3 адамға 135 квт/сағат, 4 адамға және одан да көп мүшелері бар отбасыларына 1 айға 150 квт/сағат" деген сөздер "электр қуаты 1 айға 1 адамға 70 квт/сағ, 2 адамға 140 квт/сағ, 3 адамға және одан да көп мүшелері бар отбасыларына 1 айға 210 квт/сағат" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

XXVII сессиясының төрағасы
Аудандық Мәслихат хатшысы

Аудандық Мәслихаттың
Ө. Түктібай
Т. Бөріқұлақов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК